



Әділетке бастар жол

2-бет



Құмай тазы қорғалуы тиіс

4-бет



Үздіктер ішінде үздік

8-бет



«Ақылды қалаға» – аршынды қадаммен


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жол қауіпсіздігі адам өмірінің қауіпсіздігі екенін, елімізде көлік қозғалысы мәдениетін арттыру қажеттігін үнемі ескертін келеді. Жол апаттарының алдын алу, автоматтандырылған бақылау жүйелерін кеңінен енгізу қажеттігін де баса айтқан еді. Бұл бастамалар бүгінде нақты нәтижесін беруде. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша өңірде автоматтандырылған бақылау жүйелері мен ақылды бағдарламалар белсенді жұмыс істеп тұр. Дерекке сүйенсек, бірнеше айдың ішінде 43 мыңнан астам құқықбұзушылықты анықтаған. Жолдағы тәртіп бұзушылықты енді тек полиция емес, қырағы цифрлы камералар мен жасанды интеллект тіркеп отыр. Жүргізуші де, жаяу жүргінші де бейжай жүре алмайды. Бұл – ғылым мен техниканың, адам ақыл-ойының жемісі.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Технологияның көзі қырағы

Облыстық полиция департаменті ұсынған дерекке сүйенсек, бүгінгі таңда жол қозғалысын бақылайтын облыс аумағында 183 ақпараттық-бағдарламалық кешендер жұмыс істеп тұр. Оның ішінде, 170-і стационарлық, ал, 13-і – мобильді жүйе. Стационарлық жүйелер бірнеше бағыт бойынша құқықбұзушылықты тіркейді.

Нақтырақ айтсақ, 120 құрылғы жылдамдықты асырғандарды құрықтаса, 28 жүйе жүргізушілердің стоп-жолдақтан



Коллаж жасаған Шынар Адамбекова

өтіп кетуін бақылайды. Ал, 22 аппарат – жаяу жүргіншілер өткеліндегі ереже бұзушылықтарды тіркейді.

Сонымен қатар, мұндай құрылғылар

қала көшелерінде ғана емес, қалааралық жолдарда да орнатылған. Олар тәулік бойы жұмыс істеп, автоматты түрде деректерді өңдеп, құқық қорғау органдары

на жібереді. Ең бастысы – бұл жүйелер жұмысты азайтып, әділдікті қамтамасыз етеді.

Тағы да айта кетерлігі, стационарлық



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

жүйелермен қатар, облыс аумағында 13 мобильді бақылау жүйесі жұмыс істеп тұр. Оның ішінде, Ekin Patrol G2 маркалы 11 мобильді кешен – 16 213 әкімшілік құқықбұзушылықты анықтаса, «Оракул-Инсайт» жүйесі орнатылған 2 көлік бір орында тұрмай, айналып жүріп, 19 114 құқықбұзушылықты тіркеп үлгеріпті.

Бұл құрылғылардың бір артықшылығы – оларды кез келген уақытта, түрлі аумаққа көшіруге болады. Мобильділіктің арқасында полиция қызметкерлері жол қозғалысы тәртібін бақылауды халық тығыз шоғырланған аудандарда, жол апаты жиі орын алатын аймақтарда жүзеге асырып отыр.

Жаяу жүргіншілерге де бақылау күшейді

2024 жылдың 1 шілдесінен бастап, «Аргус-Пешеход» деп аталатын арнайы жүйе іске қосылды. Бұл кешен жүргізушілер ғана емес, жаяу жүргіншілер тарапынан болатын ережебұзушылықтарды анықтауға бағытталған. Қазірдің өзінде Қарағанды қаласында – 12 кешен, Теміртауда – 10 кешен орнатылған.

Бүгінде олардың бәрі нәтижелі жұмыс істеп тұр. Аталған жүйелер арқылы 3 125 ереже бұзу фактісі тіркелген.

► 3-бет

• ДЕНСАУЛЫҚ

Тәні саудың – жаны сау

Елдің Денсаулық сақтау министрлігі жазғы кезеңде балалардың денсаулығын сақтауға бағытталған «Салауатты жаз – 2025» жыл сайынғы профилактикалық науқанын бастады. Бағдарлама аясында жаз бойы медициналық қарап-тексерулер, білім беру акциялары, мектептің медицина қызметкерлерін оқытуды және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, өңірлерге және ауылдық елдімекендерге жылжымалы медициналық кешендер жіберіледі. Олардың құрамында педиатр, офтальмолог, стоматолог, хирург және басқа да мамандар бар. Сондай-ақ, негізгі тексеріс кезінде одан өтпеген балалар үшін қосымша қарап-тексерулер жоспарланған. Ал, медициналық ұйымдарда «Ашық есік күндері» және «Өз денсаулығыңды тексер» акциялары үнемі өткізілетін болады.

Созылмалы аурулары бар балаларға ерекше назар аударылады. «Салауатты жаз» акциясы арқылы оларға қажетті сауықтыру бағдарламасы жасалып, бақылау жүргізіледі.

Сонымен қатар, аталған акция кезінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары кең көлемде ұйымдастырмақшы. Ата-аналар мен балаларға инфекциялық аурулардың профилактикасы, қауіпсіздік және психоэмоционалды денсаулық мәселелері бойынша жадынамалар, бейнероликтер мен инфографика колжетімді болмақ. Жаңа оқу жылы қарсаңында мектептің медицина қызметкерлерін алғашқы көмек көрсету, тамақтануды ұйымдастыру және балаларды психологиялық қолдау бойынша оқыту басталады.

Өз тілшімізден

Шағын шаһар шырайланады

Елімізде монокалаларды дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев монокалаларды дамыту жөнінде Үкіметке тапсырма жүктеген. Мәселен, Мемлекет басшысы монокалаларды дамыту жөнінде өткен республикалық кеңесте еліміздің дамуындағы монокалалардың рөлі өте зор екенін, монокалалардың 30 пайызы экономикамызды дамытуға едәуір үлес қосып отырғанын айтқан еді. Мұндай монокаланың көшбасында Саран да бар. Бүгінде Саран монокала емес, Қарағандының өнеркәсіптік серіктестігі.



Сурет ашық дереккөзінен

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қалалар қанаттанып келеді


Экономикасы әртараптанып, өндірісі өркен жайған Саран қаласында жаңа зауыттар ашылып, соның нәтижесінде 2000 жұмыс орны құрылды.

Бүгінде Саран монокала емес, халық саны өсіп келе жатқан, тұрғын үйге сұраныс, заманауи инфрақұрылым, жаңа әлеуметтік энергиясы бар Қарағандының өнеркәсіптік серігі. Жалпы, Қарағанды облысы монокалалар саны бойынша көш басында. Мәселен, Теміртау, Шахтинск, Абай және Балқашта 340 мыңға жуық адам немесе өңір халқының үштен бір бөлігі тұрады.

«Осы жылдың ақпан айында Үкімет-

тің қаулысымен Қарағандыда агломерацияны дамытудың кешенді жоспары бекітілді. Оған Теміртау, Шахтинск, Абай қалалары және 28 елдімекен кіреді. Алдағы жылға біршама іс-шара жоспарланды. Өсіресе, инженерлік желілерді жаңғырту, инфрақұрылымды жаңарту секілді жобалар жүзеге асады. Серіктес қалаларды Қарағандымен байланыстыратын бірыңғай қоғамдық көлік жүйесі жолға қойылған. Күнделікті еңбек көші-қонын ескере отырып, электронды билеттеу енгізілді, соның арқасында тұрғындар тұрақты және ыңғайлы көлікке қол жеткізді. Жолдаушылар тасымалында бірыңғай тариф қолданылады. Мұнымен қоса, Теміртауда 20 мың шаршы метр аумақты кеңейту жүріп жатыр. Шахтинск пен Абайда құрылыс материалдарын, металл бұйымдарын шыға-

ру бойынша жобалар іске асырылуда, сондай-ақ, агроөнеркәсіп өркендеп жатыр. Туристік әлеуеті артып келе жатқан Балқаш өңіріне бөлінген. Қаржы сомасы 200 млрд теңгеден асады. 2027 жылға дейінгі кешенді жоспар іске асырылып жатыр. Жағалау аймағын дамыту, туристік объектілер ашу, көлік логистикасын жақсарту бойынша шаралар қабылданып жатыр. Бұл Астанадан Алматы қаласына дейінгі төрт жолақты автобан құрылысын аяқтау, әуе желілерінің рейстерін ұлғайта отырып, Балқаш қаласының әуежайын реконструкциялау, теміржол көлігінің рейстерін ұлғайту, коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту. Оның ішінде, 16 млрд теңгеден астам сомаға су және жылу желілері», – деген еді аймақ басшысы Ермағанбет Қабулаулы.



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Smart City:

ақылды қала құрады

Сандық даму, инновация және агроарыш өнеркәсібі вице-министрі Дмитрий Мун қаланы басқарудағы ақылды технологиялар мен сандық шешімдер оңынан шешіліп жатыр деседі. Оның айтуынша, өңірлерде 14 Smart City жобасы іске асырылды.

«Қазіргі уақытта біз өңірлерде цифрлық трансформация бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Smart City Accelerator – бұл стартаптарды қаржыландыруды, сарапшыларды қолдауды және табысты шешімдерді масштабтауды қамтамасыз ете отырып, идеядан қалалық инфрақұрылымды енгізуге дейінгі жолды өтуге көмектесетін құрылымдық бағдарлама. Smart City Accelerator бағдарламасы Астана қаласында іске қосылды. Қысқа уақыт ішінде бағдарлама қалалық инфрақұрылым, медицина және экологияның негізгі салаларында пилоттық жобаларды табысты енгізу есебінен тиімділігін көрсетті.

► 3-бет

Әділетке бастар жол

Қарағандыда «Әділ қоғам» жобасы бастау алып, мәдениет арқылы сыбайлас жемқорлықпен күресудің жаңа бағыты қалыптасуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жемқорлықпен күрес оған қарсы мәдени сананы қалыптастырудан басталуы қажеттігін айтқан болатын. Яғни, мемлекет дамуының басты шарттарының бірі ретінде заң мен тәртіптің салтанат құруын, азаматтың ішкі ұяты мен ар-ожданына негізделген қоғам қалыптастыруды ұдайы айтып келеді. Мемлекет басшысының осы тапсырмасы Қарағандыда жүзеге аса бастады. Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада аймағымызда алғашқы «Әділ қоғам» жобалық кеңсесі ашылды.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл – рухани қайта түлеуге бағытталған жаңа парадигма. Яғни, жемқорлықпен күресті заңмен ғана емес, ұлттың рухани тамырына сүйене отырып жүргізудің жарқын моделі.

Халықтық рух – әділдіктің іргетасы
Жобаның өзегі – ұлттық мәдениет пен моральдық құндылықтарды негізге алып, әділдік пен адалдықты қоғамдық санада берік орнықтыру. Бұл бастама қоғамның жүрегінен орын алатын «ар», «ұят», «адалдық» ұғымдарын қайта жаңғыртуды көздейді.

Бүгінде осы үш құндылық – жай ғана мораль емес, жемқорлыққа қарсы берік қалқанға айналып отыр. Бұл жайында жобаның ашылу салтанатында сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей айрықша атап өтті. – Президентіміз Қасым-Жо-

март Тоқаевтың саясатының негізі – әділетті мемлекет пен әділетті қоғам құру. Бұл кеңсе – сол бастаманың мәдени іргетасы. Біз заң мен тәртіпке бас иіп, ар мен ұятты рухани бағдар ету арқылы ғана өркениетті ел бола аламыз. Мәдениет – осы жолдағы басты күш. Сол себепті, біз әлемдік классиктер мен халқымыздың бай мұрасын біріктіріп, жастарды адалдыққа тәрбиелеуді көздейміз. Сонымен қатар, бұл жұмыс мектептерде де жүзеге асуы тиіс. Еліміздің ұлы тұлғаларының ар, ождан, әділет тақырыбындағы ұлағатты сөздері әр білім ошағының көркін кіргізіп тұруы қажет, – деді Әлібек Үсенұлы.

Мәдениет арқылы санаға ықпал ету
Жобалық кеңсе тек бір мекемеге байланған құрылым емес. Ол – бүкіл аймақты қамтитын ағартушылық алаң. Мұнда жыл бойы түрлі форматтағы іс-шаралар өткізіледі. Атап айтсақ, Абай, Шәкәрім, Бұқар жырау сияқты ұлы ойшылдардың шығармалары негізінде әділет, ар-ождан, намыс тақырыптарын қамтитын пікірталастар мен әдеби кештер ұйымдастырылмақ. Сонымен қатар, ақын, жазушы, этнограф, ғалымдар мен жастар қатысатын ашық пікірталас алаңдары да ашылады. Одан бөлек, фольклор мен театр, интеллектуалды ойындар мен квесттер, заманауи медиа өнімдер арқылы ұлттық сана мен рухты оятуға

бағытталған креативті жобалар іске асырылады. Жоба аясында болашақта жарық көретін ең маңызды дүниенің бірі — «Ұлы Дала ар-намыс кодексі» атты жинақ. Мұнда қазақтың асыл сөздері, салт-дәстүрі мен өмір сүру нормалары жинақталып, жастардың қолына түсінікті тілмен ұсынылады.

Әділеттілік – ұрпаққа мирас
Облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Серікжан Байбосынов та өз сөзінде кеңсе жұмысының маңызды екенін атап өтті. «Жемқорлық – қоғамды іштен ірітетін дерт. Оның алдын алу үшін әр азамат өзінен бастауы керек. Біз осындай жобалар арқылы қоғамда ұят, намыс, әділет, ар-ождан деген ұғымдарды қайта тірілтуіміз керек. Бұл – елдің болашағы үшін ортақ міндет. Бұған дейін де түрлі тәсілдер қолданылды. Ғалымдармен бірлесіп, зерттей келе, мұны мәдениеттен бастау қажеттігін түйсіндік», – деді ол. Ал, кітапхана директоры әрі жобалық кеңсенің жетекшісі Айнұр Сәкенқызы кеңсенің жұмысы тек Қарағанды қаласымен шектелмейтінін, облыс аумағындағы қалалар мен аудандарда да көшпелі іс-шаралар ұйымдастырылатынын жеткізді және жұртшылықты сол шараларға атсалысып, жемқорлықтың жолын бірлесіп кесуге шақырды. Бұл жобаның басты ерекшелігі – адамның ішкі түйсігіне әсер ету. Яғни, заңды бұзудан қорқу емес, ар



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

алдында ұяттан қорқу сезімін қайта жандандыру. Жемқорлықпен күрес көп елде жазалауға негізделсе, «Әділ қоғам» жобасы керісінше, ішкі сана мен рухани жауапкершілікке негізделген әлеуметтік иммундау құралы болуды мақсат етеді. Жобаны Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен ЮНЕСКО жанындағы халықаралық Мәдениеттерді жақындастыру орталығы бірлесе жүзеге асыруда. Жобаға Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қарағанды облысының әкімдігі де белсенді қолдау көрсетіп отыр. Облыстық ішкі саясат басқармасы мен облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы жобалық кеңсе жұмысын үйлестіріп, жүйелі жұмыс жүргізбек. Тағы бір айта кетерлігі, жобалық кеңсе ғылыми-әдістемелік негізде жұмыс істейді. Қазақ және әлем мәдениетіндегі антикоррупциялық дәстүрлерді зерттейді, мазмұнды подкасттар, деректі фильмдер, тарихи кейіпкерлерге арналған бейнематериалдар дайындайды және жастарға арналған ашық форматтағы жобалар легін іске қосады.

Сурет облыс әкімдігінен

• ФОРУМ

Қаржылық сауаттылық қажет

Күні кеше аймақта «XXI ғасырдың қаржы триггерлері» тақырыбында ауқымды форум өтті. Ол қаржы саласындағы заманауи қауіптерді, экономикалық құқықбұзушылықтарға қарсы іс-қимыл шараларын және тұрақты, ашық әрі қауіпсіз қаржы ортасын қалыптастыру мәселелерін талқылауға арналған негізгі диалог алаңына айналды.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Өзекті тақырыпты қаузаған форумға Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті мұрындық болды. Өзекті болатын да себебі бар – алаяқтық әрекеттер азаыр емес. Олардан келетін залал миллиардтап саналады. Осы кезеңдегі жалпы келтірілген залал – 1 714 848 466 теңге. Оның 17 411 715 теңгесі өтелді. Ресми деректерге сүйенсек, биылғы бес айда 845 интернет-алаықтық фактісі тіркелген. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 17,0% артық. Өткен жылы бұл көрсеткіш 722 болған. Қылмыстарды ашу көрсеткіші – 22,3%, өткен жылы бұл кезеңде 7,1% еді. Қылмысты анықтау мен ашу деңгейі де сәйкесінше жоғары. Бүгінгі күні 27 күдікті анықталып, ұсталды. Олардың 8-і 102 эпизодтық қылмыс жасаған. Форумға жиналғандар – мемлекеттік органдардың, құқық қорғау және қадағалау құрылымдарының өкілдері, мәслихат депутаттары, қаржы саласындағы сарапшылар,

бизнес қауымдастығының, ғылыми және білім беру мекемелерінің өкілдері мәселенің ауқымды, проблеманың күрделі екенін бір ауыздан айтты. Олар көлеңкелі экономикамен, қаржы пирамидаларымен және кірістерді жылыстату схемаларымен күрестегі күш-жігерді біріктірудің маңыздылығына тоқталады. Сонымен қатар, халық арасында қаржылық құқықбұзушылықтың алдын алу мен қаржылық сауаттылықты арттыру қажеттігін атап өтті. Форумға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей де форумның маңыздылығына тоқталды. – Бұл – қаржы саласындағы тәуекелдер мен қаржылық өзгерістерге ортақ шешім іздейтін пікір алаңы. Қазір қаржы саласы жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Қаржылық пирамидалар, жалған инвестициялық жобалар, онлайн қарыз беретін бейресми ұйымдар, цифрлық алаяқтық мәселелері күн сайын күрделене түсуде. Сондықтан, біз алаяқтардан бір қадам алда жүріп әрекет етуге тиіспіз. Ол үшін мемлекеттік мекемелер,

бизнес пен азаматтық қоғам өкілдерінің күш-жігерін біріктіру қажет. Қаржылық жүйеде жаңа өзгерістер мен жаңғыртулар орын алуда. Президент тапсырмасымен қаржылық алаяқтардан сақтану шараларына баса назар аударылады. Көлеңкелі экономикамен күрес, қаржылық сауаттылықты арттыру, саланы цифрландырумен байланысты жұмыстар арта түседі, – деген Әлібек Үсенұлы Қарағанды облысының жаңа цифрлық шешімдер мен пилоттық жобалар алаңы болуға әзір екенін де тілге тиек етті. – Аймақтың инновациялық өзгерістерге ашықтығы бұрыннан мәлім. Облыс 2022 жылы елімізде алғашқылардың бірі болып, eGov Mobile жүйесін міндетті екі реттік верификациялауды енгізді. Ақпараттық цифрлық қауіпсіздік – аймақтың басты басымдықтарының бірі. Сол себепті де құқықтық, қаржылық сауаттылық жөнінде кешенді шаралар қолға алынған. Дегенмен де, ақпараттық шаралар жеткіліксіз. Президент жабдықталған платформалар инновациялық технологиялар мен қауіпсіз қала жүйелерін енгізуді ала міндет

етіп қойды. Қарағанды облысы 2021 жылдан бері өзінің «Қауіпсіз қала» жобасын жүзеге асыруда. Ол ұлттық деңгейдегі пилоттық жобаға негіз бола алады, – деді Әлібек Әлденей. Облыс прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов аймақта кең көлемді «Заң және тәртіп» апталығы өткенін, ақпараттық түсіндіру жұмыстары әлі де жалғасын табатынын жеткізді. – Осы форум тұрғындар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту секілді аспектілерге әсер етеді. Өздеріңізді және жақындарыңызды алаяқтардың әрекетінен қорғаңыздар, – деді ол. Форум аясында қаржы пирамидаларының белгілері мен әрекет ету тетіктері, интернет-алаықтық әдістері және «дропшерлердің» ролі, цифрлық гигиена және жеке деректерді қорғау, сондай-ақ, халық арасында қаржылық сауаттылықты арттыру тақырыптары сала сарапшыларының қатысуымен кеңінен талқыланды. Ұйымдастырушылар форум нәтижесінде қаржы саласындағы тұрақтылық пен ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған нақты шешімдер мен бастамалардың әзірленетінін атап өтті.

• АГРОКЕШЕН

Шегіртке шекара білмейді

Қарағанды облысының аграршылары жазғы маусымды тынымсыз еңбектен бастап отыр. Өйткені маусым – жайылым мен егінге қауіп төндіретін зиянкестердің қаптайтын уақыты. Мамандар алдын ала қамданып, мамырдан облыс көлемінде шегірткемен күресу жұмыстарын бастады. Бұл – жыл сайын қайталанатын, алайда, әр жолы жедел әрекетті талап ететін жауапты іс.



Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде 75 мың гектарға жуық алқапта химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Оның 55 мың гектары – итальяндық прус деп аталатын аса қауіпті шегірткеге қарсы бағытталса, қалған 20 мың гектардан астамы – үйірлі емес шегірткелерге қарсы өңделді. Бұл жұмыстар облыстық штабтың қатаң бақылауында. Зиянкестермен күрес тек дәстүрлі емес, заманауи әдістермен де қатар жүргізілуде. Жер үстінде тоғыз арнайы шашыратқыш жұмыс істесе, ауада екі аса жеңіл ұшақ, дельтаплан мен төрт агродрон күндіз-түні алқаптарды шарлап жүр. Бұл – шығынды азайтып, жылдам әрі нүктелі әсер етудің тиімді жолы. Облыс бойынша химиялық препараттардың қажетті көлемі алдын ала қамтамасыз етілген. Дикандар мен фермерлерге зиян келтірмей, егіннің өнімділігін сақтап қалу – басты мақсат. Алдын алу жұмыстары тек залалсыздандырумен шектелмейді. Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының өңір-

лік филиалы мамандары күн сайын мониторинг жүргізуде. Биыл облыста 5,4 млн гектар жер зерттелуі тиіс. – Біз үшін егістіктің жағдайын үнемі бақылап отыру аса маңызды. Әрбір дерек тіркеліп, тиісті шешім қабылданады. Бұл – қауіпті алдын ала анықтап, дер кезінде әрекет етуге мүмкіндік береді, – дейді мамандар. Табиғаттың тілін таппасақ, зияны зор. Осы орайда Қарағанды облысы көрші өңірлермен бірлесе жұмыс істеуге мүдделі. Қазірдің өзінде шекара маңындағы облыстармен ортақ зиянкестерді анықтау және жою жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімдер жасалған. Бұл өзара әрекет етудің, ақпарат алмасудың тиімді тетігіне айналуда. Егістік пен жайылым – ел байлығы. Оны қорғау – ортақ міндет. Қарағандылықтар бұл істі бейжай қалдырмай, дер кезінде қамданып отыр. Шегіртке шекара білмейді. Ал, онымен күресте үйлесімді жұмыс пен технологиялық мүмкіндікті қатар қолдану ғана нәтиже береді.

Суреттер облыс әкімдігінен

«Ауылдың жайы – елдің жайы»

Ел Президенті өз Жолдауында ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық көмекті жақындату үшін ұлттық жобаны іске қосатынын мәлімдеген болатын. Сол бастама бүгінде нақты істермен жалғасып жатыр. Жақында Шет ауданындағы екі ауылда – Дария мен Ақойда – заманауи медициналық нысандар салтанатты түрде пайдалануға берілді.



Бұл – жай ғана нысан емес, тұрғындарға деген қамқорлықтың көрінісі. Өсіресе, шалғайдағы елдімекендерде алғашқы көмек дер кезінде көрсетілсе, ауру асқынбайды, жанашыр жанның ем-домы халықтың игілігіне айналады. Дария ауылының орта тұсында

жаңадан салынған ақ шатырлы медициналық пункт алыстан көз тартады. Төрт қабырғасы да жылуға толы. Медбике Светлана Александрова бұрынғыдай әкімдік ғимаратын жағалап жүрмейді. – Бұрын бейімделген бөлмеде жұмыс істейтінбіз. Енді кең әрі жа-

рық кабинет, қажетті жабдықтармен қамтылған бөлме – бәрі тұрғындардың денсаулығына қызмет етуге дайын. Әрі жұмыс істеу де жеңілдеді, – дейді ол шынайы қуанышпен. Ақой ауылында – 600-ден астам тұрғын болса, оның көпшілігі – зей-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

неткер. Олар үшін медициналық қызметтің жақын болуы – өмір сүру сапасының көрсеткіші. Бұл ауылда да жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт есігін айқара ашты. Мұнда акушер, санитар, балалар мен учаскелік медбикелер жұмыс істейді. – Бұрын балам қызуы көтерілгенде көрші ауылға баратынбыз. Қазір емхана өзімізде, – дейді ауыл тұрғындары. Ауыл денсаулығын күшейту – елдің болашағын қамтамасыз ету. Шет ауданында биыл он медициналық пункт пен екі ФАП ашылады. Бұған дейін Ақсу мен Қызылқой ауылдарына да жаңа медициналық мекемелер салынған еді. Ауылда денсаулық болса, елде береке бар. Себебі, ең қымбат байлық – адам. Ең басты капитал – денсаулық.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінен

Шағын шаһар шырайланады



тындысы бойынша 278,3 млрд теңгеге өнім өндіріліп, өсім 103,4 пайызды құрады.

«Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту – біздің басты бағыттарымыздың бірі. Халықтың сұранысын ескере отырып, маңызды әлеуметтік жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бюджет есебінен құны 1,6 млрд теңгені құрайтын спорттық-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталуға жақын. Сондай-ақ, мұражай және мұрағат ғимаратының құрылысы жүргізілуде. Келер жылы мұз сарайы мен шығармашылық академиясы секілді әлеуметтік маңызы бар нысандарды салу жоспарда бар. Сондай-ақ, бизнестің әлеуметтік

(Соңы. Басы 1-бетте).

Астана қаласында табысты нәтижелерді және бағытты одан әрі дамыту әлеуетін ескере отырып, жұмыс істеп тұрған 19 ІТ-хабтың инфрақұрылымы негізінде еліміздің барлық өңірлерінде тәжірибені масштабтау жоспарланып отыр», – дейді вице-министр.

Саранның серпілісі

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Қайсар Нығметов монокалаларды дамытуда әуелі жұмыссыздық мәселесін жойып, инфрақұрылымын жаңарту арқылы ілгерілей аламыз дейді.

– Бұрын монокалалар саны 27 болса, қазір 20. Саран солардың қатарынан шықты, себебі, экономика әртараптандырылған. Бұл дегеніңіз көптеген ірі өндірістер, түрлі бағыттар және әлемдік бағалардың құбылмалылығына тәуелділік жоқ дегенді білдіреді. Монокалалардың ортақ проблемасы ол – инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі, экономиканың шикізат өндіруге тәуелділігі. Осы орайда, өз алаңын ұсынып, тәжірибесімен бөліскені үшін Қарағанды облысына алғыс айтамыз. Біз монокалаларға талдау жасап, трансформациялау шараларын ұсынамыз, – дейді Қайсар Нығметов.

Саран қаласының әкімі Дарын Бұлбайыр 2019 жылдан 2024 жылға дейін өнеркәсіп көлемі қалада 5,6 есеге өскенін, ал, өңдеу секторының үлесі 92 пайызға жеткенін айтады. Ірі өндірістердің іске қосылуы шағын және орта бизнестің дамуына әсер етті. Нәтижесінде бюджетке салық түсімдері үш есеге ұлғайды.

Тұрақты жұмыс тек жергілік-



ті тұрғындар үшін ғана қамтылып қоймай, енді Саранға жұмыс іздегендер басқа қалалардан да келіп жатыр. Сондықтан тұрғын үйге деген сұраныс жоғарылаған. Қалада несіз қалған бос 22 көпқабатты үй бюджет қаражатына да, жеке инвестициялар есебінен де қалпына келтірілді.

– 2023 жылдың қарашасында Саранды монокалалар тізімінен шығару – жай ғана формальды іс емес. Бұл біздің қаламыздың тұрақты және ең бастысы, әлеуетті болғанын мойындау. Биыл өңдеуші өнеркәсіптегі өндіріс көлемі 208 млрд теңгені құрап, шамамен 4 пайызға өседі деп күтілуде. 76 млрд теңгеден астам инвестиция тарту жоспарлануда. Қаланың табысы өседі, бұл қосымша қаражатты инфрақұрылымды, тұрғын үй жағдайын және тұрғындардың өмір сүру

сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, – дейді Дарын Бұлбайыр.

Өндірісі өркендеген Хромтау

Саран секілді Ақтөбе облысының Хромтау қаласында да өнеркәсіп өндірісі қарқын алып келеді. Хромтау ауданының әкімі Нұрхан Тілеумұратовтың сөзінше, Премьер-Министрдің тапсырмасына сәйкес, Саран қаласының тәжірибесін ескере отырып, Хромтау монокаласында жалпы аумағы 150 гектарды құрайтын индустриальдық аймақ құрылған.

Өңірде өнеркәсіп өндірісі де қарқынды дамып жатыр. Былтыр өнеркәсіп өндірісінің көлемі 630,5 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 103,1 пайызға жетті. Ал биылғы жылдың 5 айының қоры-

жауапкершілігі есебінен құны 1,8 млрд теңге құрайтын мәдениет орталығы құрылысы аяқталды. Қазіргі таңда ERG компаниясының қолдауымен 840 млн теңгеге бассейн құрылысы басталып кетті», – дейді аудан әкімі Нұрхан Тілеумұратов.

Хромтауда тұрғындардың белсенді қатысуымен жүзеге асырылып жатқан ерекше жобалардың бірі – Tugan Qala бастамасы. Бұл жоба – ERG компаниясының қолдауымен іске асырылып отырған әлеуметтік жоба. Tugan Qala жобасы аясында балаларға арналған ойын алаңдары, воркаут аймақтары, шағын футбол алаңдары, тротуарлар, автотұрақтар салынуда.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

«Ақылды қалаға» – аршынды кадаммен



Сурет ашық дереккөзден

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бұл – жаяу жүргіншілер арасында да тәртіп бұзушылықтың бар екенін көрсететін нақты дәлел.

Жалпы алғанда, барлық автоматтандырылған кешен 43 452 әкімшілік құқықбұзушылықты тіркеген. Бұл – Қарағанды облысы аумағындағы көрсеткіш. Тиісті құрылғылардың арқасында ереже бұзғандар жазасыз қалмай, жауапкершілікке тартылып жатыр.

Ақылды бағдаршам алдамайды

Кеншілер астанасы бүгінде өндірістің ғана емес, ақылды қалалық жүйелердің де алдыңғы қатарында тұр. Соңғы жылдары жол қозғалысын басқарудағы тығырықтан шығу үшін цифрлық технологияға бет бұрған қала әкімдігі мен жауапты құрылымдар жол қозғалысын автоматтандырудың жаңа кезеңін бастады.

Қарағанды қаласында бүгінде 201 бағдаршам нысаны бар. Бұл – әрқайсысы дербес бағыт көрсетіп тұрған жай темір құрылғы емес, бір орталықтан басқарылатын жүйенің жеке буындары. Барлығы автоматтандырылған жүйе арқылы басқару жүйесіне толықтай қосылған.

Бір сәт көз алдымызға елететейікші, таңғы қарбалас. Жұмысқа асыққан жұрт, мектепке бағыт алған балалар, қоғамдық көлікке үлгеруге тырысқан студенттер. Бұрын кез келген бағдаршамда ұзақ күту, бір қиылыстан өтсең, екіншісінде кідіріп қалу, онсыз да жүйкесі тозған жүргізушілер үшін жүктеме болатын. Енді, жаңа жүйе енгізілгені бері қаланың жүрек соғысы да өзгерді, бір қалыпқа түсті.

Дерекке сүйенсек, бүгінде 60 бағдаршам координациялық басқару режиміне көшірілген. Бұл – көптен айтылып жүрген «Жасыл толқын» ұғымның нақ іске асқан түрі. Қатар тұрған бірнеше бағдаршамда көліктерге «жасыл» шам бірінен соң бірі жанып тұрады. Сырт көзге бір үйлесім сияқты. Ал, іс жүзінде бұл – қиылыстардағы бағдаршамдар арасындағы нақты есепке құрылған математикалық дәлдік.

Сала мамандары 17 учаскеде «Жасыл толқын» толық реттеліп, кептелістердің азайғанын айтады. Жол бойындағы бақылауларда жүргізушілер бұрынғыдай бір көшеде үш рет тоқтамай, бірнеше қиылыстан еркін өте бастаған.

Адаптивті басқару: жолды «түсінетін» бағдаршам

Технология дамыған сайын бағдаршам да адам секілді «сезінетін», «түсінетін» құрылғыға айналып келеді. Бұл бір қарағанда қисынсыз болып көрінуі де мүмкін. Десе де, нақты ғылым мен технология өз жемісін берді. Бірнеше жыл бұрын арман болған мұндай жаңалық қазір шындыққа айналып отыр. Атап айтсақ, қалада 10 бағдаршам адаптивті режимде жұмыс істейді. Ол қандай режим дейсіз бе?

Яғни, бағдаршам енді бір алгоритм бойынша емес, реалды уақытта жолдағы көлік ағынын өзі байқап, сигналын соған қарай бейімдейді. Мысалы, солтүстіктен келетін көлік көп болса, сол бағыттағы жасыл шам ұзағырақ жанады. Ал, екінші бағытта көлік

аз болса, бағдаршам уақытты босқа кетірмей, дереу ауыса қояды.

Мұндай жүйеде жасанды интеллекттің қолданылып жатқанын да атап өткен жөн. Сол арқылы бағдаршам нақты уақыттағы мәліметтерді талдап, қиылыстағы көлік легіне сай «мінезін» өзгертіп отырады. Яғни, оның түрлі-түсті қас-қабағынан ақ, жұмысының қауырттығын не жайлы екенін аңғаруға болады. Бұл – қаладағы қозғалыстың жылдамдығын арттырып, қауіпсіздік деңгейін көтерудің ең заманауи жолы.

Техникалық жаңғырту – заман талабы

Қала көшелеріндегі жаңарту жұмыстары бағдарламалық деңгейде ғана емес, техникалық жағынан да қарқынды жүргізілуде. Қарағанды облысы полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Елжас Жартыбаев техникалық жаңғыртудың заман талабы екенін айтады.

– АҚШ, Қытай, Сингапур сынды дамыған елдердің бәрінде мұндай жүйелер жемісті жұмыс істеп тұр. Қазір қаладағы 150 бағдаршамда жаңа буындағы жол бақылаушы орнатылған. Бұл құрылғылар түрлі сценарий мен алгоритм бойынша жұмыс істетеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, 36 ескі бағдаршам заман талабына сай жарықдиодты (LED) құрылғылармен алмастырылса, 10 антивандал сенсорлы жаяу жүргінші батырмасы адамдардың қауіпсіз әрі ыңғайлы өтуі үшін орнатылды, – дейді Елжас Жартыбаев.

Сарапшы мамандар да осының барлығын «ақылды қала» концепциясының нақты қадамдары ретінде бағалап отыр. Осы құрылғылардың арқасында кептелістерді азайтып, олардың экологияға зиянын да төмендетуге болатыны белгілі.

Цифрлы болашаққа бет алған қала

Қарағанды – кеншілер мекені ғана емес, енді «ақылды қала» болуға ұмтылып жатқан аймақ. Жол қозғалысын басқарудағы бұл жаңалықтар – бірінші кезекте адам өміріне деген құрметтің белгісі. Жол үстіндегі қауіпсіздік, уақытты үнемдеу, жүргізуші мен жаяу жүргінші арасындағы үндестік сынды өзекті мәселелерді реттеуге деген ұмтылыстың бәрі қазіргі Қарағандының жаңа болмысын айқындайды.

Жол – қаланың тынысы. Ал, сол тыныс жолдары жұмысының біркелкі болуы ақылды бағдаршамдардың арқасында жүзеге асып жатыр.

Осы орайда автоматтандырылған бақылау жүйелерді енгізудегі басты мақсат айыппұл салу емес, жол қозғалысы мәдениетін қалыптастыру екенін атап өткен жөн. Әр жүргізуші мен жаяу жүргінші өз жауапкершілігін түсініп, жолда тәртіп сақтауға дағдыланса, бұл жүйелердің ең үлкен жетістігі болмақ. Бұл – мемлекеттің, жергілікті биліктің және әр азаматтың ортақ ісі. Ал, қауіпсіз жол – тек жол қозғалысына қатысушылардың емес, тұтас қоғам мәдениетінің айнасы.

Облыс тұрғындары мен қонақтарына жол ережесін сақтап жүру заң талабы ғана емес, адам өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған маңызды кадам екенін тағы бір еске саламыз.

• ЭНЕРГЕТИКА

«Қартайған» кәріз «жасарады»

Қарағанды қаласының әкімдігі ұйымдастырған баспасөз турында Әлихан Бөкейхан атындағы ауданға бардық. Майқұдықтағы тұрғын үйлердің кәріз жүйесін «Қарағанды Су» компаниясы жаңартып жатыр екен. Мамандардың ресми дерегіне, бұл аудандағы кәріз құбырлары 80 пайызға ескірген. Кейбір шағын аудандарда, тіпті, 100 пайызға жетіпті. Кеңес үкіметі кезінде салынған құбырлар 80 жылға жуық уақыт жөндеу көрмей, шіріп кеткен. Салдарынан кәріз суының қоламса иісі төңірекке жайылып, тұрғындарға жайсыздық туғызған.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

«Қарағанды Су» компаниясының бас директоры Ербол Төлеуовтің айтуынша, мұндағы кәріз жүйесін ауыстыру жұмыстары 2023 жылы басталған. Бұл күнде ауданның біршама үйлеріне жаңа құбырлар төселіпті.

– Бұл жұмыстардың барлығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен жүзеге асып жатыр. Анығырақ айтсақ, «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында. Кәріз құбырларын айырбастау –

күрделі жұмыстардың бірі. Өйткені, ескірген құбырды алып, орнына жаңасын төсеу үшін міндетті түрде жерді қазу керек болған. Бірақ, бұл бұрынғының әдісі. Әлбетте, тиімсіз. Үйлердің іргесін қазу көп уақытты, қаражатты талап етеді. Оның үстіне, тұрғындардың үйлеріне емін-еркін кіріп-шығуына кедергі жасайды. Бұл күнде «Сындыру» деген жаңа әдіс бар. Арнайы компрессор арқылы жаңа құбырларды бір-біріне қаражатты талап етеді. Оның үстіне, Анықтап айтсақ, А нүктесінен В нүктесіне дейін құбыр ешқандай да техниканың қалағы тимей жетеді, – деді Ербол Төлеуов.

Мәселен, Майқұдықтағы 1960

жылы салынған тұрғын үйлердің кәріз құбырлары 400 метрге дейін жетеді. Алмастыруға 42 млн теңге бөлінді. Бас директорының мәліметінше, биылғы инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруға 33 жоба бекітілген. Ал, 11 жоба су құбырларын ауыстыруға бағытталған. Барлығының жалпы сомасы – 6 млрд 500 млн теңгені құрайды. Материалдың барлығы отандық өнім. Жергілікті өндіруші компаниялардан мемлекеттік сатып алу аясында жеткізіледі екен.

Бұл проблема жыл сайын көтерілетінін сала мамандары жасырмады. Бірақ, бүгін ауданның жер астындағы құбырларын түгелдей

• АЙБЫН

Қауіпсіздік берік қолда

Патрульдік полицияның қызметі уақытпен санаспайды. Тәулік бойы қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, жолдағы қауіпсіздікті сақтау, төтенше жағдайларда жедел әрекет ету – олардың міндеті.



Сурет ашық дереккөзден

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Полиция қызметкерлерінің әрбірінің жұмысы оңай емес, – дейді Қарағанды облысы патрульдік полиция батальон командирі Медет Нұрмұханов. – Біздің жұмыс – республикалық маңызы бар қала сыртындағы тасжолда жол қауіпсіздігін сақтау. Облыс бойынша батальон барлық жерде жұмыс істейді.

Құқықбұзушылықты анықтау және алдын алу – Ішкі істер министрлігінің патрульдік полиция қызметкерлерінің алдына қойып отырған міндеті. Оның ішінде, жолдағы қауіпсіздікті сақтау – басты орында.

– Министр биылғы жылды профилактика жылы деп белгіледі. Сырт жолдарда жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында профилактикалық әңгіме жүргіземіз. Жолда ұйықтап кетпеуін, абайлап жүруін сұраймыз немесе жылдамдық асырмаңыз деп қана ескертеміз. Қазір жол сапасы жақсы. Әсіресе, жастар

«жаспыз» деп демалмай жолға шығады, жылдамдықты асырады. Сол үшін арасында тоқтатымыз. Халық патруль тоқтатса «айыппұл салады» деп ойлайды. Жоқ, біздікі тек ескерту. Бізге адамдардың аمانдығы керек. Қазір жылдамдық өлшейтін арнайы құралдар жеткілікті, айыппұл автоматты түрде салынады, – дейді Медет Есенғалиұлы.

Қарағанды облысының патрульдік полиция батальоны құрамында 193 маман еңбек етуде. Оның әрқайсы 12 сағат жұмыс істейді. Мәселен, таңертеңгі қызмет 06:00-де басталады. Кешкі алтыда түнгі ауысым жұмысқа кіріседі. Осы аралықта қырағылық танытып, тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға үлес қосады.

Медет Есенғалиұлының айтуынша, жазғы демалыс кезі – қауырт жұмыс уақыты. Қоғамдық тәртіпті сақтау үшін қызметкерлер күшейтілген режимде еңбек

етіп жүр.

– Маман жеткіліксіз, – дейді батальон командирі. – Зейнетке шығып кетіп жатады, кейбірі «айлығы аз», «күндіз-түні жұмыстамын» дейді немесе жас кезінде өзін басқа мамандықта сынап көрушілер болады. Әрине, оның бәріне түсіністік танытамыз. Дегенмен, патрульдік полиция құрамына қызметкерлер қажет.

Ол өзі 15 жылдық еңбек өтілінде кету туралы ой болмағанын айтады.

– Әр адам әртүрлі. Біреуі қызметтік өсуді қалайды, зейнетке шыққысы келеді. Кейбірі халыққа қызмет етемін деп ойлайды. Қандай кезеңдер болса да кетемін деген ой болған жоқ, халыққа қызмет етуді көздеймін, – дейді ол.

Әр қызметкердің кәсіби дайындығы мен жедел әрекет етуі – тұрғындар қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Қоғамдық тәртіп – күн сайынғы тынымсыз еңбек

• РЕСМИ

Тасжолды технология бақылайды

Жол бойына тәртіп сақшысы көрінбегенге жылдамдықты арттырып, ережені бұзсаңыз, төбенізде дрон ұшып жүргенін ескерерсіз. Облыс автомагистральдарына жыл басынан бері дрондар жіберіліп жатыр. Қашықтықтан басқарылатын құралдар жол ережелерінің сақталуын қадағалайды.

Облыстық полиция департаментінің мамандары «дрондардың жаз айларында көмегі көп» дейді. Өйткені, жазда жолдағы темір тұппарлардың саны күрт көбейеді. Осының салдарынан жол ережесі жиі бұзылып, апаттар орын алады. Ал, қашықтан басқарылатын құралдар арқылы ереже бұзушыларды биіктіктен тіркеуге болады. Полицияның дерегінше, дрондар Балқаш пен Қарқаралы және Жезказған, Павлодар тасжолдарында ұшады.

– Жұмыс жыл басынан бері жүргізіліп келеді. Дрондар өздерінің тиімділігін көрсетті. Дрондар арқылы патрульдердің бақылауынан тыс учаскелерді бақылаймыз. Жүргізушілер көбінесе өздерінің ереже бұзғандарын дәлелдеуді талап етеді, – деді облыстық ПД әкімшілік полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушы, полиция подполковнигі Елжас Жартыбаев.

Жол патрулі тасжолдағы жағдайды қарсы бағытта түсіретін дронды көтереді. Егер ереже бұзу фактісі анықталса, патрульдік көлік ереже бұзушыны тоқтатып, оған бейнематериалды көрсетеді. Жергілікті жерде хаттама жасалады. Жүргізуші тарапынан келіспеген жағдайда, іс сотқа беріледі.

Республикалық және облыстық маңызы бар жолдардың бойында автокөлік жүргізушілерін ақпараттандыру үшін «Жол дронмен бақыланады» деген арнайы белгілер орнатылған.

Өз тілшімізден

• ӨЗЕКТІ

TikTok-та қанша ғұмыр қалды?

Әлем елдері TikTok-қа бірінен соң бірі тыйым салып жатыр. Кейінде бәріміздің талқылап жүргеніміз – осы. Бұл платформаға неге кірпідей жиырылып, теріс айнала қалдық? Бұрын қайда қаралдық? Осы сауалдардың жауабын табу жолында бірнеше себепті таптық.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірінші хәм бәрімізге мәлім себеп

«Жергілікті мәдени және діни көзқарастарға қарама-қайшы» деген желеумен Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Пәкістан, Албания елдері мүлдем тыйым салып тастаған. Франция билігі жасөспірімдердің интернетке қолжетімділігін заңнамалық деңгейде реттеп, Аустралия 16 жасқа дейінгі балаларға TikTok қолдануға шектеу қойған. Еуропалық одақ, Канада, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия сияқты мемлекеттер де 2023 жылы балалар қауіпсіздігіне байланысты тиісті шаралар қабылдапты. 2020 жылы бұл мәселені АҚШ билігі көтерген.

Біз де дабыл қағып жатырмыз. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Жанарбаек Әшімжан Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновке осы мәселеге қатысты депутаттық сауал жолдады. Ол TikTok платформасының жастарға зиянды әсерін ескере отырып, оған шектеу қоюды, немесе, бақылауды күшейтуді ұсынды.

– Бүгінде балалардың негізгі ақпарат көзі – әлеуметтік желілер. TikTok-тың жасөспірімдер арасында кең таралуы – олардың психологиялық, әлеуметтік және академиялық дамуына кері әсерін тигізуде. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерден алшақтатып, жастарды теріс әрекеттерге жетелейтін мазмұндардың көбеюі алаңдаушылық туғызады. Бүгінде бұл платформада 14,1 миллион қазақстандық тіркелген. Ал, оның негізгі пайдаланушылары – балалар мен жасөспірімдер. Алайда, мұнда пайдасынан зияны басым

контенттердің еркін таралып жатқаны белгілі. Олардың қатарында порнография, суицидке шақыру, діни экстремизм, құмар ойындарды жарнамалау, әдепсіз әрекеттерді көрсету, боқауыз сөздер, буллинг және тыйым салынған заттарды насихаттау сынды теріс мазмұндағы материалдардан көз сүрінеді. Жастардың мұндай ақпараттарға еріксіз ұшырап, олардың ықпалына түсуі – ұрпақ тәрбиесіне кері әсерін тигізуде. Дәрігерлер болса, телефонға телмірген балалардың арасында кейінгі бес жылда көз аурулары күрт көбейгенін айтып, дабыл қағуда, – деді Жанарбек Әшімжан.

Сонымен қатар, депутат «Мысық серуені» деп аталатын челленджге назар аударды. Ереі әрекеттерді насихаттап, 500 миллионнан астам қаралым жинапты. Жас қыздарды әдепсіз қылықтарға баулитын видеолар, билер мен түрлі әдеттерді үйрететін контенттер қарқынды түрде таралып жатқанын алға тартты.

Екінші себеп

TikTok мемлекеттің құпияларына қауіп төндіреді. Ел ішіндегі жағдайларды білсе, саяси көзқарасы бізге қастық ойлағандар әлгі ақпаратты қарсы пайдалануы мүмкін» деп бұғаттаған, тыйым салған елдер де бар. Олар – Ресей, Иран, Индия, Ауғанстан, Солтүстік Корея, Түркіменстан. АҚШ-та TikTok-қа тыйым салуды 2020 жылы Дональд Трамп ұсынды. Кілтінан мынада: бұл платформа – Қытайдың ByteDance компаниясына тиесілі. Ал, TikTok-ты АҚШ халқының басым бөлігі қолданады. Дональ Трамп елін-

тің нәтижесі. Осы жолда қызметкерлер қаншама жанның өмірін аман сақтап қалып жатады. Медет Есенғалиұлы әріптестерінің жолда қалғандарға қол ұшын созатын азаматтығын, апат жағдайында жедел шешім қабылдап, әрекет ететін қайсарлығын сөз етті.

– Жолда тұрып қалған адамдардың өмір сақтап, көмек жасау – азаматтықтың белгісі. Дөңгелегін ауыстыруға көмектесу, жанар жағармайын әкеліп беру, керек жеріне сүйретіп апару секілді істер – полиция міндетіне кірмейді, бірақ, бұл – адамшылық қасиет. Республикалық маңызы бар тасжол болғандықтан, шетелдік азаматтарға жылы қабақ танытып, еліміздің, өңіріміздің абыройын көтеруге тырысамыз. Қызметкерлердің барлығы дерлік алғашқы медициналық көмек көрсету негіздерін біледі, оқыған. Себебі, көп жағдайда оқиға орнына біздің қызметкерлер бірінші келеді. Сол кезде уақыт жоғалтпау үшін өздері алғашқы көмек көрсетеді немесе жақын жердегі ауруханаға алып барады. Дегенмен, полиция қызметіне шағымданатындар толастар емес. Менің ойымша, цифрландыру кезеңінде ақпарат көп. Жүргізушілерді беталды тоқтатпайды, оған негіз болады. Қызметкерлер тоқтатса, «былай неге сөйлестіңіз?», «неге киіміңіз қисайып тұр?», «формаңыз неге осындай?» деген сияқты басқа арандатушылық сұрақтар қойып, әңгімені бұруға тырысады. Бәріне бірдей ұнау мүмкін емес. Қазір барлық қызметкерлер бейнежетонмен қамтылған. Кез келген жағдайды тексеріп, тиісті шара қолдана аламыз, – дейді ол.

Азаматтардың тыныштығы – біле білген адамға баға жетпес байлық. Сол байлықты сақтаймыз деп қызмет барысында қаза болған қызметкерлер де жоқ емес. Мұның барлығы сөзіне берік, ісіне адам қарапайым полицейлердің жанкриялық еңбегі. Себебі, тыныштық – мызғымас тәртіп пен қажырлы еңбекпен келетін жетістік.

Адалдықты ту етеді



Қарағандыда Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қолдауымен HackCor Hackathon атты үш күндік хакатон табысты өтті. Айти саласына қызығушылығы зор 200-ден астам жас талант еліміздің әр өңірінен жиналып, жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін жемқорлыққа қарсы жүйелер мен еріктілерге арналған мобильді қосымшалар дайындады.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында: «Жемқорлықпен күрес – мемлекеттік саясаттың басты бағыты. Бұл Ғауқандық шара емес, бұл – азаматтардың мемлекетке деген сенімінің негізі», – деп атап өткен болатын.

Осы сенімді нығайту мақсатында өткен HackCor хакатоны – еліміздегі айти-технологиялар мен әділдік ұстанымдарын ұштастырған тың бастама болды.

Жүлде қоры 1 миллион теңгені құраған байқауға 60 команда қатысып, өзара үш бағытта бақ сынасты. Ең үздік нәтиже көрсеткендер – Павлодар қаласынан келген Жігер Жапар мен Бараат Қасымалаев. Олар XGuard атты инновациялық жүйені ұсынып, бірінші орынды жеңіп алды. Бұл модуль мемлекеттік сатып алулар жүйесіндегі күмәнді әрекеттерді машиналық оқыту арқылы анықтайды.

Екінші орынды математикалық талдау тәсілін қолданған тағы бір ЖИ-жоба иеленді. Ал,

еріктілер бағыты бойынша Семей мен Шымкенттің жоғарғы сынып оқушылары әзірлеген SENIM платформасы үздік деп танылды.

– Қазылар алқасы үздік жобаларды әділ таңдады. Көрсермендер көзайымын да ескердік. Қатысушылардың көпшілігінің идеялары өте өзекті және әрі қарай дамытуды қажет етеді, – дейді Террикон алқабының маркетинг бөлімінің жетекшісі Георгий Сергеев.

Көрсермен көзайымы атанған командалар қатарында Astana IT University студенттері, Қарағандының IT мектеп-лицейлері мен Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-лицейі де бар.

Бұл бастама – жас буынның адал қоғам құруға қосып жатқан үлесінің бір көрінісі. Технология мен парасатты ойды үйлестіре отырып, еліміздің жарқын болашағына сеніммен қадам басуға болады.

Сурет облыс әкімдігінен



Коллаж жасаған А. Қоспаева

де – кеңінен таралған платформа арқылы «америкалықтардың жеке басына қатысты ақпараттар Қытайдың билігіне кетіп жатыр» дегенді алға тартты. Осы деректен «TikTok – мемлекеттің тұтастығына, ел ынтымағына нұқсан келтіруге ықтимал» деген қауіптің бары айқындалды. Бәріне айт та, бірін айт, Қытайдың өзі TikTok-қа тыйым салған.

Қауіпті қару

«Теория заговора» дегенді естігендеріңіз бар шығар? Қазақшасы – «Қастандық теориясы». Әлеуметтанушы ғалымдардың дерегінше, жаһан бойынша бұл теорияға сенетіндер, немесе, «болуы мүмкін» деп болжайтындардың қатары қалың. Сенушілердің айтуынша, «Әлемді билеуші топтар», «Масондар», «Роквеллерлер әулеті» (атаулары көп) жер шарындағы халық санын қысқарту үшін неше түрлі дүрбелендерді ұйымдастырады. Мәселен, соғысты, аштықты, сап алуан ауруларды қолдан жасайды. Мақсаттары – әлемді жұмса, жұдырығында, ашса, алақанында ұстау, халық санын азайту арқылы Жер – ананың ғұмырын ұзарту деседі. ЛГБТ, бір жыныстылардың да

қозғаушы күші солар-мыс. Адамның гинетикасына, жалпы денсаулығына кері әсерін беретін зиянды сусындар мен тағамдардың да кең таралуына ықпал етеді. Өлгі әлемді билеушілердің бір қаруы – әлеуметтік желілер деген әңгіме де айтылып жүр кейінде ғаламторда.

Әлеуметтік желілердің көмегімен алдағы 10-20 жылда Жер шарына ие болар ұрпақтың мысыңа көмек бере алады? Бұл теорияға Бұған «Махаббатпен жаралған адамзаттың жүрегін тасқа айналдыру процессі» деп баға беруге болатын секілді. Санаасы уланған, психикасы бұзылған, дертке шалдыққан адамнан не қайыр? Өркениеттің ілгерілеуіне қандай көмек бере алады? Бұл теорияға сенушілер «Билік шыңындағылар адамзат өркениетінің даму қарқынын тежеуді көздейді» дейді екен. Бір қарағанда, ақылға қонымды сияқты. Өркениеттің, соның ішінде, өндірістік революцияның кейінгі 50 жылда дамығаны сонша, әлемдік катаклизмнің аз-ақ алдында тұрмыз. Мұздықтар еріп, жанартаулар оянып, мұхиттағы су деңгейі көтерілуде. Аспан қабатын қырық жамау қылдық. Бір сөзбен айтқанда, табиғатқа қастық жасаудамыз.

Дастархан басындағы әңгіме

Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылдық округінің тұрғыны ақыл-ой дамуының тежелген балаларға арналған балабақша ашуды жоспарлап жүргенін айтты бір ақсақалға. Сөзінше, мұндай балабақшаларға жылдан-жылға сұраныс артып келеді.

– Мұндай балалар неге көбейіп кетті екен? – деп сауал қойды ақсақалға болашақ кәсіпкер.

– Бала жатырда жатқанда-ақ өмір мәнін іздейді. Анасының тыңдағаны, көргені, сезінгені, көңіл күйі – бәрі-бәрі балаға әсер етеді. Бұны бабаларымыз білген. Жүкті келінге әулет бар тәтті-дәмдіні беріп, мәнді ән-күй, батырлар жырын тыңдатқан, жақсы әңгімелер айтқан. Жабырқамауын қадағалаған. Көңілі Күндей келінінен жаны да, тәні де сау ұрпақ туады, – деді.

Халықтың мәңгі есінде

Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейлі жылы облыстың ардагерлер ұйымдары жүргізіп отырған сан қырлы жұмысын атап өткен ләзім. Соның бір парасы Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен ел қорғаушылардың есімін мәңгі есте қалдыру болып табылады. Тарихи-өлкетану мұражайының деректері бойынша біздің облыстан (ескі шекарасы бойынша) 59 935 адам майданға аттанып, 25 583-і қаза болған, 9 399 адам хабарсыз кеткен. Біздің 34 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанса, 13 адам «Даңқ» орденінің толық иегері болды.

Отан қорғаушылардың есімдерін мәңгі есте қалдыру мақсатында облыстың қалалары мен аудандарында Екінші дүниежүзілік соғыста жан аямай айқасқан қарағандылық жауынгерлер құрметіне мемориалдар, ескерткіштер мен обелискілер орнатылған. Қарағандыда «Мәңгілік алау» мемориалдық кешені бар, онда 34 Батырымыз бен 13 «Даңқ» орденінің толық кавалерінің есімдері естелік тақтаға қашап жазылған. Олардың аттарымен қалалар мен селоларда көшелер мен даңғылдар, спорт ғимараттары, оқу орындары аталады. Қарағандыдағы Батыр Нұркенге орнатылған ескерткіш (авторлары А.Билык, Ю.Гуммель, сәулетшісі Л.Воробьев) асқақ тұлғасымен көз тартады, Кеңес Одағының Батырлары Н.Әбдіров пен Қ.Нұржановқа Ақтоғайда, М.Мамыраевқа Қарағандыда, В.Хорунжаяға Балқашта, А.Дәулетбековке Атасуда, С.Лебедевке, И.Колодийге және «Даңқ» орденінің толық иегері М.Сүлейменовке Нұра ауданындағы Нұра кентінде бюстілері қойылған.

Облыстық ардагерлер кеңесі осынау жылдарда жерлестеріміздің ерліктеріне арналған бірнеше кітап басып шығарды, атап айтқанда «Солдаты Победы. Карагандинцы в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. (2015 ж.), «Отан үшін от кешкендер – Они сражались за Родину» (2020 ж.). «Боздактар» Зерде кітабы сонау 1994-1998 жылдары соғыс ардагерлері И.Грунсков, П.Баранов, Қ.Бекенов, А.Пукуров, Б.Иманбаев, Р.Колодий және ғалымдар мен журналистер Р.Спанов, Р.Жұмашев, Е.Бәйтенов, А.Жангожин, В.Мининдердің белсенді қатысуымен жарық көрді.

Бұл кітапқа Отан үшін жандарын пидаткен қарағандылықтардың есімдері ен-



Сурет ашық дереккөзден

гізілді. Оның 3-томына енген Берлин операциясы мен соғыстың аяғындағы шайқастарға Қарағанды, Ақмола, Қостанай облыстарында жасақталған Ленин орденді Қызыл Тулы 310-Новгород атқыштар дивизиясы қатысты. 1945 жылдың 15 ақпанында Қарқаралы тумасы Петр Териев Кенигсберг түбіндегі әуе ұрысында жалын құшқан ұшағын жау техникасы шоғырланған жерге бағыттап, жерлесі Н.Әбдіровтің ерлігін қайталады. Оған қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Осындай ерлікті, бірақ жер үстінде, тағы бір қарқаралылық, журналист, ұстаз, Т-34 танкісінің командирі Аманжол Бұхарбаев жасады. 1945 жылғы 5 наурызда Словакияның Соса деревнясы үшін болған ұрыста отқа оранған танк ішінде жау шабуылын тойтарып, Марапаттау қағазында жазылғандай тұтқынға түсу орнына шейіт болды. Висла өзенін кешіп өтуде көзсіз ерлік көрсеткен аға сержант, танкке қарсы дивизион командирі, Ленин орденді қарағандылық жауынгер Ильхам Хафизов (ол Батыр атағына ұсынылған болатын) 1945 жылдың мамырында қаза болды. Осы шайқастарда біздің басқа да

жерлестеріміз ерліктің талай үлгілерін көрсетті.

Кеңес халқына Жеңіс оңайлықпен келмеді. Миллиондаған өмір қиылды. Бүгінде әлемнің барлық адал адамдары гитлершілермен айқаста адамзат баласын фашистік тұтқыннан құтқару жолында өз өмірлерін қиған жандарға терең ризашылық сезіммен қарауға міндетті. Кеңес әскерлері өз Отанын қорғау мен Еуропа елдерін азат ету жолындағы кастерлі парызын орындады. Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесінің «Боздактар» Зерде кітабы мазмұны, әсем безендендірілуі мен деректерінің шынайылығы жағынан жоғары баға алып, Мәскеудегі Поклонная тауындағы Отан соғысы музейінен құрметті орын алды.

Облыстық ардагерлер кеңесі зейнеткерлердің аса қажетті мәселелерімен айналысып, егде адамдарға қамқорлық көрсетеді. Кезінде облыстық ардагерлер ұйымы тексеру комиссиясының төрайымы, жоғары санатты қаржы қызметкері Евдоксия Зыкованың есептеуі бойынша жасы бойынша зейнетақы тағайындауда елеулі қателіктер табылғаны еске түседі.

Сонан соң Парламент Мәжілісінің депутаты, қазір марқұм болып кеткен Шаймерден Оразалиновтың көмегімен зейнетақылар қайыра есептелген болатын. Сөйтіп, облыс пен республиканың көптеген зейнеткерлері өз зейнетақыларына үстеме алатын болды.

Жеңістің мерейтойы мен белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, облыстық ардагерлер кеңесінің тұңғыш төрағасы Қали Аманбаев пен «Даңқ» орденінің үш дүркін иегері Камали Дүйсембековтің туғанына 100 жыл толу құрметіне ардагерлер арасында шахмат пен бильярд турнирлері болып өтті, шаңғы жарысы, Қарағанды-Қарқаралы-Нұркен ауылы арасында 250 шақырымдық жеңіл атлетика ультрамарафоны ұйымдастырылды. Соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне салтанатты жиналыстар мен тұрғылықты жерлерінде құрмет көрсетілді, олардың жастармен кездесулері, дөңгелек үстелдері өткізілді. Ардагер хор ұжымдарының фестивалі, өнерпаз әжелер байқауы, білім мекемелері жанындағы қоғамдық музейлер байқауы да Ұлы Жеңіс мерекесіне қосқан үлесіміз болып табылады.



Бұдан екі жыл бұрын демеушілердің көмегімен 48 тыл еңбеккері мен еңбек ардагері Приозерск қаласы маңындағы «Балқаш» санаторийінде дем алып қайтқан болатын. Жеңістің 80 жылдығы құрметіне биыл облыстық кеңестің басшылығы (төрағасы Ғабит Тұяқов) ардагерлер қозғалысының 9 белсендісіне «Жартас» санаторийіне жолдама ұсынды. Ардагерлер денсаулықтарын түзеп, жақсы дем алды, сол үшін көрсеткен қамқорлыққа дән риза.

Жеңіске соғыс жылдарының тыл еңбеккерлері қомақты үлес қосты. Қарағанды көмір бассейні сол жылдары елдің сенімді көмір ошағы бола білді. Шахталарда ерлердің орнын басқан 12 мың әйел «Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін» деген ұранмен жанқиярлықпен еңбек етті. Сонау 1985 жылы қалалық атқару комитеті Қарағандыда шахтер-әйелдер құрметіне ескерткіш орнату туралы шешім қабылдаған болатын. Қала жұртшылығы мұны қуана қарсы алды. Алайда, шешімнің орындалысы созылып кетті. Облыстық ардагерлер кеңесінің Ұлы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында, 2019 жылғы 5-пленумы облыс басшылығына осы ескерткішті аяқтау туралы ұсыныс жасаған еді. Бірақ мәселе осы күнге дейін «баяғы жартас, сол жартас» қалпында тұр. Созылып кеткен мораторийлердің кесірінен қоғам белсенділерінің облыс пен қаланың дамуына зор үлес қосқан соғыс және еңбек ардагерлерінің атымен көшелер атау туралы ұсыныстары аяқсыз қалды.

Тиісті органдар Ұлы Жеңістің мерейлі мерекесі жылы осыған назар аударса дейміз. Қанқұйлы соғыста ерлік көрсеткен батырлардың есімі халықтың тарихи жадында сақталуы тиіс.

Клара АЙМУРЗИНА,
республиканың және облыстың
Құрметті ардагері,
Аман ЖАНҒОЖИН,
облыстық ардагерлер кеңесінің
жауапты хатшысы,
Қазақстанның Құрметті журналисі



Кәсіби мамандар алаңы

Алаяқтар қазір бүкіл салаға еніп алған. Адамды алдаудың түрлі әдісін пайдаланады. Әсіресе, қарттар мен қиын жағдайға тап болғандар қармақтарына ілініп жатады. Бұл күнде жалған заңгерлердің дәуірі жүріп тұр. Өтірік заң айтып, жөн-жосықсыз кеңес айтып, ақшанызды сыпыра береді. Енді, кәсіби, білімі жоғары заңгерді ZapTech платформасынан таба аласыз. Бұны Террикон алқабы акселерациялық бағдарламасының түлегі Сәуле Құсайынова жасады.



Сурет ашық дереккөзден

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мен жалған заңгерлердің қаншалықты шығынға ұрындыратынын көрдім, естідім де. Сондықтан, мен адамдарды, әсіресе, қиын жағдайға тап болғандарды, шынымен, қорғайтын әрекет жасағым келді, – деді ZapTech қызметін іске қосқан Сәуле Құсайынова.

Сәуле Құсайынова 30 жылдан астам уақыт заңгерлік қызметте жұмыс істеген. Ал, қазір жеке заң тәжірибесін жүргізіп келеді. Күн сайын жалған заңгерлерден онық жеген адамдарға көмек көрсетеді.

Бағдарлама шеңберінде ZapTech командасы трекингтен өтіп, сервис моделін егжей-тегжейлі пысықтады, сұранысты сынақтан өткізді және гипотезалардың алғашқы растауларын алды.

– ZapTech – кәсіпкерлік пен әлеуметтік

миссияны қалай біріктіруге болатындығының мысалы. Біз инвестициялық жобаны қолдадық. Себебі, мұндай бастамалар шынымен де адамдардың өмірін өзгертуді деп сенеміз, – деп атап өтті Террикон алқабының бас директоры Сабыр Ниязов.

ZapTech платформасында заңгерлер қатаң тексеруден өтеді. Платформаға тіркелу үшін диплом, заңгерлік палатаға мүшелігі, жұмыс тәжірибесі мұқият тексеріледі. Платформа пікірлерге, істердің нәтижелеріне және жауап беру жылдамдығына негізделген ішкі рейтингті пайдаланады.

Клиенттердің шағымдары дереу қаралады. Ал, заңгер жұмысты сапалы орындағаннан кейін ғана ақы алады.

Бүгінде платформадан заңгер тауып қана қоймай, жасанды интеллектке негізделген боттан да кеңес алуға болады. Ол тәулік бойы және тегін жұмыс істейді.

• АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Шежірені шатастырмайық!

Қазақта ауызша, жазбаша шежірелер бұрын да болған. Ал егемендігімізді алғаннан бері әр тайпа, әр ру өкілдері өз шежірелерін түзіп, кітап қылып бастырып шығаруда. Бұл да болса жақсылықтың нышаны, тарихымызды түгендеудің жарқын бір көрінісі дер едік. Өйткені, атам қазақ «Түбінді білмесең, түгінді білмейсің», «Жеті атасын білмеген – мұртет», «У ішсең – руыңмен» деген сөздерді бекер айтпаған. Сол себепті біз осы шежірелерді тарихымыздың ажырамас бір бөлігі ретінде қарастыруымыз керек.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кезінде халқымыздың Ахмет Байтұрсынов, Мұхаметжан Тынышпаев, Халел Досмұхамедов сияқты зиялылары ру-тайпа генеалогиясын зерттемей, қазақтың тарихын көзге елестету мүмкін еместігін, ауызша шежіренің дұрысы мен бұрысын зерттеп, зерделеп, осыдан ұлт тарихына қажетін алу керектігін ескертіп кеткен.

Бұл орайда тарихшы ғалым, марқұм академик Манаш Қозыбаевтың: «Қазақ шежіресін зерттеуді, оны білуді рушылдық, жершілдік сияқты келеңсіз құбылыстармен шатастырмау керек. Бұл екеуінің шежіреге үш қайнаса, соңпасы қосылмайды. Ендеше ауызша тарих айту дәстүрісіз қазақ халқының тарихын жасау мүмкін емес», – деген тамаша сөзі бар. Міне, сондықтан да оны білудің пайдалы жағын ғана алып, жетім-жесірімізді қаңғытпау, ағайын бірлігін сақтау, анда болу, жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспейтін қан тазалығын сақтау, аталы сөзге тоқтау, т.б. асыл қасиеттерімізді жандандырып, дәріптесек, ұлттық санамыз одан ұтпаса, ұтылмасы анық.

Бірақ, қазақ шежіресін жілікше шаққан Мәшһүр Жүсіп бабамыз: Аргыннан әрі барсаң адасасың, Ми жетпес көп нәрсеге шатасасың.



Сурет ашық дереккөзден

Ол кезде сен де жоқсың,

мен де жоқпын,
Шежіреге несіне таласасың?! – деп айтып кеткендей, бүгінде жарық көріп жатқан шежірелердің көпшілігінде өрескел қателіктер мен жаңсақтықтарға, көрінеу көзге бұрмалаушылықтарға жол берілуде. Енді соған тоқталсақ, кейбір шежірелерде ататегінде кемістіктерді, яғни кірме, асыранды, құлдыққа келгендікті жасырып, оны ашып айтпай, айналып өтушілік жиі кездеседі. Мұны сол шежіре авторлары кітаптарына демеуші болған адамдардың көңіліне қарап, кейінгі ұрпағының бетіне шіркеу болмасын немесе өз әулетін кіршіксіз етіп көрсетуге тырысқандықтан жасайды.

Шежіре түзудегі ендігі бір үлкен қателік – оған қыз балаларын, тіпті, олардан туған жиендерін тізіп жазу. Әуелден біздің қазақ қыз баланы жатжұрттыққа санайтынын ол авторлар білмейді емес, біледі. Әлбетте, оған да жоғарыдағы көңілжықпастық, тағы да басқа себептер әсер еткені даусыз. Апыр-ау, қыздан туған жиен басқа атаның баласы екенін неғып білмеген дейсің. Егер әулеттік кітап жазылатын болса, оған қыздары мен одан туған жұрағаттарын балалар бірін-бірі біліп жүрсін деп қосуға болар еді.

Осыған байланысты маған дау ай-

тып, «Кешегі күні аттары ұранға шығып, ру-тайпа аттарын алған аналарымызды қайда қоясың?!» деушілер де табылуы мүмкін. Мен де бұл жерде халқымызды өсірген алтын құрсақты аналарымызды бір мысқал да кеміткелі отырған жоқпын. Рас, өздерінің даналық, ақыл, парасатымен ісі Қаракесектің ұранына айналған Қарқабат, қалың Сүйіндік пен оның ұлы Құлболды балаларына ұран болған Жолбике, Мақпал аналарымыздың тарихтағы орнына ешкім де шек келтірмейді. Олар ұранға айналғанымен, ататек шежіресі олардан таратылмайды. Ал, Қызай тайпасы мен Қаракесек ішіндегі Айбике-Шаншар, Нұрбике-Шаншар, Қызданбике-Шаншар, Найманның Мұрын, Қуандықтың Енең Тоқасы руының аталуында да осындай себептер жатыр. Бірақ солай аталғанымен, олардың ру тармақтарының әке аттары өшіріліп тасталмаған. Мәселен, үш бике ұрпақтары Шаншар Абыздан, Қызайлар Шағырдан, Енең Тоқасы Бесім батырдан тарайтыны елдің бәріне мәлім. Ендеше қазақтың ататек шежіресін түзудің ғасырлар бойы қалыптасқан тәртібінен ауытқымай, ол әкеден туатын ұл тұқымынан таралатынын бұлжытпай сақтауға тиіспіз, ағайын!

Абай ауданы

• ТАҒЫМ

Білікті маман, келісті келін бола білді

Соғыстың алдында дүние есігін ашып, ел басына күн туған сол бір шақта өмір сүрген ұрпақта «бақытты балалық шақ» деген ұғым сірә да болып көрмеген шығар. Тіпті жат жерге бас сауғалап, тек естерін жиганда ғана туған жерімен қайра табысқандар аз ба? Балшекен Қанайқызының отбасы қазақ елін жайлаған ашаршылықтан тоз-тоз болып кеткен елмен бірге ауып, Башқұртстаннан бірақ шыққан екен. Содан тек 1956 жылы тарихи Отаны – Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданының Қарағаш селолық кеңесіне оралады. Бірақ бөтен елде, бөгде адамдар арасында тұру, жоқшылық пен таршылықтың азабын көру адамды ерте есейтіп, шындайтыны да шын екен. Орта мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін оқуға зерек, орысшаға жетік Балшекен ауылды айналшықтамай, өндірісті қала – Магнитогорскіге барып, бухгалтерлік курсе бітіріп шығады. Бір-екі жыл «Алмазная» совхозында есепші болып, Петровка ауыл-советінің төрайымы болып та істейді. Бірақ білім алуды аңсап, 1962 жылы алыстағы Қарағандының Долинка деген жерінде ашылған ауыл шаруашылық техникумына түседі.

Тағдырдың жазуымен осы оқу орнында өзі сияқты білім аңсап келген Амангелді (Михаил) Жақыпов деген көкшетаулық жігітпен танысып, көп ұзамай екеуі үйленеді. Содан не керек, Қарағандыға бауыр басып, екеуі бұдан кейінгі бар саналы өмірін көмірлі қалаға арнайды. Бақыттарын осы жерден табады. Сол Долинкада қызы Гүлмира дүниеге келеді, екі жылдан кейін Қарағандыда Ермек атты ұлды болады.

Жасыратыны жоқ, Амангелді Қарағандыға үлкен ағасы Бөйкенді қарайлап келген еді. Бөйкен Әшімов ол кезде Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы сияқты үлкен лауазымды қызметте еді, кейін Хрущевтің «реформалары» тұсында ауыл шаруашылығы обкомының 1-хатшысы да болды. Қазақтың абыз ақсақалы атанған ағасы мен асыл жеңгесі Бақыт Әсетқызының бұларға мамандық алып, аяқтанып кеткенше жасаған жақсылықтары ұшан-теңіз. Бөйкен ағасы жоғарылап, астананың төрінен бірақ шықса, одан кейінгі ағасы Қажынаби да Қарағандыны жерсініп, Нұра және Қарқаралы аупарткомдарының 1-хатшысы, облатком төрағасының орынбасары сияқты лауазымды қызметтер атқарды. Ал Амангелді мен Балшекен болса зеректіктерінің арқасында техникумда алған білімдерімен-ақ өз салаларында абыройлы болды. Аужекен совхоздың



механигі, бас инженері, коммуналдық шаруашылық автобазасының, құрылыс-жөндеу (РСУ), жол-пайдалану (ДЭУ) басқармаларының бастығы болып, Қарағанды орман шаруашылығының директоры қызметінен зейнетке шықты.

Балшекен болса қызметін облыстық статистика басқармасында экономист болып бастап, машинамен есептеу станциясының бас бухгалтері болады, Аужекен ауыл шаруашылығында жұмыс істеуіне байланысты Майқұдық құс фабрикасына ауысып, партком хатшысы болып сайланғанда обком оны Алматы жоғары партия мектебіне оқуға жібереді. Партия мектебін сырттай бітіргенімен «партократ» болуға зауқы соқпай статистикаға қайтып оралады. Мұнда оның жұмысқа тиянақтылығы мен алғырлығы ескеріліп, үнемі жауапты қызметтер жүктеліп отырған екен. Мәселен, есептеу орталығының инженері, бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары, Есептеу орталығының директоры, «Қарағанды облмашформа» директоры қызметтерін атқарады.

1985 жылы Балшекен Жақыповаға жаңа міндет жүктеліп, мемлекеттік зейнетақыларды төлеу орталығының бастығы болып тағайындалады. Одан кейін өзі зейнетке шыққанша зейнетақыларды жеткізу жөніндегі орталықтың бастығы – облыстық әлеу-

меттік қамсыздандыру басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқарады. Бұл тәуелсіздіктің елен-алаңында реформаларды жүзеге асырудың қиын кезені еді. Зейнетақылар мен жәрдемақылар қамқөңіл қарттарға уақытылы жеткізілмей, арыз-шағым көбейіп кеткен болатын. Балшекен Қанайқызының іскерлігі арқасында зейнетақы жеткізу жұмысы ретке келтіріліп, бір мінездemesінде көрсетілгендей, бұл көрсеткіш 97-98 пайызға дейін көтеріледі. Қанаттас қалалар мен селолық аудандарға тиісті көмек көрсетіледі. Облыста республика бойынша алғашқылардың бірі болып зейнетақы төлеудің компьютерлеу жүйесі енгізіледі. Бұл жұмысты анағұрлым жеңілдеткені сөзсіз. Осынау еңбегі үшін Балшекен «Қазақстан Республикасы алдында сіңірген еңбегі үшін» зейнетақысына ұсынылады. Бұдан бұрын еңбегі жанып, «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталғаны бар.

Балшекен өз ісінің білікті маманы болумен қатар шұағы мол, құтты шаңыраққа келісті келін болып түсіп, жақсы жар бола білді, осы әулеттің абырой-беделіне дақ түсірмеді. Қазақи қалпынан айнымай бала бағу, немере өсіру, ағайын-туыс, жолдас-жолдас күтудің жөн-жобасын білетін қазақ әйелі ретінде ұлттық дәстүрді келер ұрпақ бойына дарытудан жалықпады. Аужекен мен Балшекен алпыс жыл бірге тұрып, тату-тәтті өмір сүрді. Жақын туыс, араласқан адам, қызметтес әріптестер туралы газет-журналдарда басылған материалдардың басын қосып «На-всегда в моем сердце» деген жинақ шығарулары да көрегендік көрсетулері деп білеміз.

Балалары Қарағандының политехникалық институтын бітіріп, өмірден өз орындарын тапты. Гүлмирасы шешесіне ұқсап, экономист мамандығын алса, Ермек көліктік бақылау комитетінің жауапты қызметкері. Өз кіндіктерінен Зарина, Нариман, Ақбота, Бөйкен (бұл есімді үлкен ағасы 80-ге келгенде ырымдап рұқсат алып, әдейілеп қойған), Ажар атты немере-жесен сүйіп, олар Астана мен шетелдің беделді оқу орындарынан білім алды, қазір Астана, Алматы қалаларында тұрып жатыр. Нариман мен келіні Ажардан Адия атты шөбере сүйіп, қуанышқа молынан кенеліп отырған еді. Өкінішке қарай, отанасы осыдан 40 күн бұрын 87-ге қараған шағында мамыр айының 24 жұлдызында қайтыс болып кетті. Топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын!

А.ЖАНҒОЖИН

№253

• ТІЛ – ТҰҒЫР

Ұлттық болмысқа қадам

Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес. Ол – ұлттың жаны, жүрегі. Ол – тарихтың, рухтың, тағдырдың тірегі. Осыны түсінген қарағандылықтар бүгінгі таңда қазақ тілін игеру жолында тың бастамаларды қолға алуда.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облыстық тілдерді дамыту басқармасы қолға алған ересектерге арналған тіл үйрену лагері – соның жарқын дәлелі. Лагерьге қатысушылар қазақ тілін үйренуге шын ниет білдірген түрлі жастағы, түрлі мамандық иелері. Бір ерекшелігі – мұнда тыңдаушыларды тек аудиторияда ғана емес, қазақы болмысқа негізделген тірі тілдік ортада оқытады. Бұл – бұрын-соңды болмаған әдіс.

– Сабақтар этномәдени ортада өтеді. Бес күн бойы қатысушылар дәстүрмен

сусындайды: сырға салу, бесікке салу, тұсау кесу, қырықтан шығару – мұның бәрін көреді, кей тұста өздері де атсалысады. Аспаздық сабақтарда қаймақ пісіру, ет асу, май шайқау секілді ұлттық тағам дайындаудың қыр-сырын үйренеді. Киіз үй тігіліп, дәрістер соның ішінде, табиғат аясында өткізіледі, – дейді облыстың тілдерді оқыту орталығының директоры Алмагүл Игенова.

Орталықта дәріс алушылардың әрқайсысының өз себебі бар. Мысалы, қа-

рағандылық Ирина Власенко тіл арқылы халықтың болмысына бойлағысы келеді.

– Тіл – мәдениеттің жүрегі. Қазақ тілін үйрену мен үшін өмірлік таңдау. Ұлттық тағамдар, әндер, салттар – осының бәрі мені қызықтырады. Ал тілдік ортаға ену әдісі – өте тиімді.

Белгілі скрипкашы музыкант Людмила Проппишан да бұл лагерьдің қатысушысы.

– Біз тек қазақша сөйлесуге тырысамыз. Дәстүрлерді үйреніп, күнделікті қолданыстағы тіркестерді меңгеріп келеміз. Бұл жоба – рухани тұрғыда да, мәдени тұрғыда да қажет, – дейді ол.

Бұл – жай ғана тіл курсы емес. Бұл – тіл арқылы елге жақындау, қазақ мәдениетіне бетбұрыс. Бұл – тіл үйренушілердің ғана емес, қоғамның да жаңғыру жолы.

Туған топырағында тыным тапты

Шет ауданынан Ұлы Отан соғысына аттанып, хабарсыз кеткен Әкімжан Айдосовтың (1904-1942 ж.ж.) қаза тауып, жерленген орны табылып, оның қабір топырағы осы Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекесі қарсаңында өзі туып-өскен Үңірек ауылындағы ата-баба қорымына әкелініп қойылып, рухы 83 жылдан кейін туған топырағында тыным тапты.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әкімжан марқұм – Арқа өңіріндегі шерпе күйдің көрнекті өкілі, соңында «Наз», «Сезбес», «Отбасы», «Сембектің қосбасары» сияқты он шақты күй қалдырып, 30-жылдардың зобалаңында жазықсыз атылған атакты күйші Сембек Айдосұлының (1864-1931 ж.ж.) сегіз баласының бірі.

Ол Жезқазған қаласында жұмыс істеп жүргенде әскер қатарына Шет ауданынан алынғанда, жары Сәлиман екі жастағы Зекен және сол кезде құрсақтағы Мүгілсімімен қала береді. Сол кеткеннен Әкімжаннан хат-хабар болмай, 80 жылдан аса өлі-тірісін ешкім білмеген.

Тек осы кейінгі уақытта қызы Мүгілсімімен туған жиені, кеден қызметінің полковнигі Өмірзақ Бейіспековтің сұрау салып, талмай іздегіруінің арқасында нағашы атасының Ресейдің Смоленск облысының Сычев елдімекеніндегі бауырластар зиратына жерленгені анықталған. Оның өзінде 1942 жылы қаза тапқан жауынгердің тегі «Андо-сов» болып жаңсақ жазылғанымен, әскери мұрағат деректері бойынша оның Әкімжан Айдосов екені белгілі болады.

Содан республикалық «Атамның аманаты» қоғамдық ұйымы Отан үшін құрбан болған асыл азаматтың қабірінің бір уыс топырағын Қарағандыға жеткізіп, ұрпақтары мен ағайын-туыстарына табыстаған болатын. Олар түйін-

шекке салынған осы аманат топырақты майдангердің ата-бабалары жатқан Үңірек ауылындағы қорымға апарып қойып, басына құлпытасын орнатып, ауыл мешітінде аруағына ас беріп, дұға оқытты.

Одан кейін ауылдық әкімдікте клуб және кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Ер есімі – ел есінде» атты кеш өткізіліп, оған Әкімжан жұрағаттары мен туыстары, жастары сексеннен асқан қыздары Зекен мен Мүгілсім, ТҮРІКСОЙ ұйымының хатшысы, Сембек күйшіні насихаттаушы Дүйсен Қасейінов, тарихшы ғалым Нұрлан Ошанов арнайы келіп қатысты.

Осында сөйлеген сөзінде Дүйсен ағамыз:

– Мен бұл әулетке жиеншар болып келемін. Әкем Қорабай Сембек күйшінің қызы, Әкімжанның апасы Рахиладан туған. Ұлы нағашымның аты қалай өшпесе, оның елі мен жерін қорғап, қан майданда қаза тапқан ұлының есімі де бүгін жаңғырып, қабір топырағы туған жерге тапсырылғанын естіген Қазақстанның өнер адамдары да қатты қуанып жатыр. Енді Әкімжан нағашымның жаны тыныш тауып, рухы шат болсын! – деді.

Шет ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• ГРАНТ

Шебердің қолы – ортақ

Нұра ауданының жалпақ жұртына Ержан Малғаждаровтың есімі етене таныс. Біреу үшін механик, біреу үшін өнертапқыш. Тіпті, «ұшқыш Ержан» деседі.

Шынында, Ержан Олжабайұлы – темірдің тілін түсінген жігіт. Өзінің іскерлігімен кәсібін дөңгелетіп келеді. Ел арасында ерекше пейілге ие азамат мемлекет тарапынан әлеуметтік грант жеңіп алып, оны да оңтайлы орайластырған.

– Техникаға бала күнімнен қызығамын. Бұзылған көлікті жөндеу, қолдан машина құрастыру менің ынғайыма келеді. Бүгінде бұзылған тоназытқыш, кір жуу машинасы секілді тұрмыстық техниканы да жөндеймін. Аудан әкімінің грантына токарлық станок алып, оны да кәдеге жаратып жүрмін, – дейді бесасап Ержан.

Көлік жөндеу орталығының ашылуына 7 жыл уақыт болыпты. Осы уақыт мұңдарында Ер-

жан Олжабайұлы техниканың әр тетігін меңгеруден жалықпаған. Нұра халқына алысқа ат арылтпай-ақ, орталықтың қызметіне жүгінуге таптырмас мүмкіндік тудырып отыр.

Орталықта сонымен қатар, көліктің қосалқы бөлшектерін сататын дүкен ашылып, халықты керек сайманмен толықтай қамтамасыз етіп отыр. Қарамағындағы Жангелді Нұрабайұлы және Евгений Андриенко есімді екі азаматты да жұмыспен қамтыған.

Ержан Малғаждаровтың тағы да бір айта кететін ерекше қыры – оның өнертапқыштығы. Ол өзі көкте самғайтын мотоұшақ жасап шығарған. Мотоұшақты құрастыруға жарты жыл уақытын сарп етіпті. Қозғалтқыш моторын Ре-



сейден әкелсе, қалған бөлігін өзі құрастырған.

Мотоұшақ жерден 1 500 метр биіктікке көтеріледі. Радиусы 10 шақырымды қамтиды. Қазір өнертапқыш иесінде 4 мотоұшақ бар, оның екеуін Ержан жинап құрастырған екен. Бір-бір адамдық, ал екіншісі – екі адамдық. Мотоұшақ тек тынық, желсіз күндері ғана көкке көтеріле алады.

– Мотоұшақ – менің шығармашылық туындым. Ең алғаш тәжірибеден өткізіп, әуеде сынап жүргенімде халық аң-таң болатын. Кейін машықтанып алған соң тұрғындар үйренісе бастады. Тіпті, қолқа салып, жоғалған малдарын, шұғыл жағдай шығып қалған кезде жақын жерге мотоұшақпен барып келуді өтініп, көмек сұрайтындар да пайда бола бастады. Бәріне бірдей келісім бермеймін. Себебі, бұл менің әуесқой қолтуындым болған соң қауіпсіздікке баса мән беру ке-

рек. Ертең абайсызда жазатайым оқиғалар орын алса, кім жауап береді? Сондықтан да, ең алдымен адам өмірі қымбат, – дейді алтынқол азамат.

Кәсібінен нәсібін молайтып отырған азаматтың жасап шығарған мотоұшағы әркімді таң қалдыратыны анық. Бүгінде Ержан Олжабайұлының бес баласы бар. Ұлдары да техникаға әуес.

Әрекет түбі – берекет. Мақсатқа жету жолында тоқтамай еңбек етіп, жеңістің желкенін жебеу қылып, қам қылғандар ғана түптің-түбінде жетістікке жетері айқын дүние. Оған еңбеккер Ержанды мысал қылуға болады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
Қарағанды зерттеу университетінің
II курс студенті

Нұра ауданы

Суретті түсірген автор

• ТАҒЫЛЫМ

Ізгі ізденіс, деректі мағлұмат

Филология ғылымдарының докторы, профессор Берік Рахымов және елдің арғы-бергі тарихын білетін Бейбіт Қасенов, Мағауия Әбілжанов «Алсай шежіресі» деген кітап құрастырды. Өткенді таңуға шежіренің айтары көп. «Ертең деген сөз – ыңжықтар мен балалар ғана сылтаурататын сөз» деген данышпаннан қалған сөз бар. Қолымызға жаңа түскен «Алсай шежіресі» ізгі ізденіс, деректі мағлұматтармен ерекшеленетіндігін түсіндік. Көлемі 400 беттен асатын, бір мың данамен жарық көрген «Алсай шежіресі» тарихи-танымдық кітап екендігін еңбектің мазмұны да түсіндіріп тұрғандай. Кітап – 4 бөлім, 13 тараудан тұрады.

Алғашқы бөлім – «Ата тарихқа ат үсті қарамайық» делініп, осы бөлімде «Бабалар аманатына адалдық», «Алтай – Алсай: естеліктер мен ескерткіштер», «ХІХ ғасырдағы ел шежіресі» тарауларында бұл рудың шығу тегі, дамуы, бастан өткен тарихи оқиғалары нақтылы деректер бойынша жазылған.

Жалпы автордың Алсай руын жеке-дара алмай, оның басқа да рулармен жақындығын, туыстық негіздерін тартымды баяндаған.

Екінші бөлім – «Алсайдың айтулылары» деп аталып, бұл бөлімде Алсайдан шыққан дін өкілдері, дәулетті адамдар, ардақты аналар, өнер өрендері толықтай жан-жақты талданып, еселі еңбектері мен жеткен жетістіктері бейнелі суреттері арқылы түсіндіріледі.

Үшінші бөлім – «Алсайдың әлімдері мен әкімдері» дей келе, Алсайдан шыққан ғалымдар, елі мақтаған есімдер, сұрапыл жылдары майдандағы есіл ерлер тағылымдық тұрғыдан берілген.

Төртінші бөлімі – «Алсайдың жер мен ел шежіресі» деген атаумен беріліп, осы бөлімде бұл ру-



дың ата қонысы, жер шежіресі, төл шежіресі тұтастай жүйелі жазылғанын білдік.

Жалпы, бұл еңбекте ең алды-

мен шежірені жазудың жаңа бір үлгісі, өзіндік мәдениеті қалыпта-са бастағандығын аңғардық. Автор не айтса да асыра, асыға айтпай

• ЖӘДІГЕР

Дәуірден қалған із

Шет ауданындағы Талды тарихи-археологиялық саябағының аумағынан ерте темір дәуірінен қалған тағы бір ескерткіш табылды. Мұнда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің археологтары қазба жұмыстарын жүргізіп жатыр. Олар қорғандардың біріндегі тас үйіндісінің астынан қорғантас типтес кешенін тапты.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

– Мұндай жерлеу түрі біздің облыста аз. Оның үстіне бейіт қирамаған. Археологтар үшін бұл өте маңызды. Марқұмның арқасындағы қалып – ерте темір дәуірінің ескерткіштеріне тән. Талды тарихи-археологиялық саябағының аумағындағы қазба жұмыстары Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен жалғасады. Онда жұмыстар биыл да, келесі жылы да жүргізілетін болады, – деді Сарыарқа археологиялық институтының директоры Алексей Кукушкин.



Сурет облыс әкімінің сайынан

• ЕРКІН КҮРЕС

Вьетнамнан қос қола

Вьетнамда алғаш рет еркін күрестен өткен Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Бұл жолғы құрлықтық біріншілік Барна-Вунгтау провинциясында өтті. Оған 24 елден 1000-ға жуық спортшы қатысып, кіл мықтыны анықтады. Ал, осы бәсекеде белдескен жерлесіміз Ангелина Первухина мен Асхаб Хаджиев қола жүлдеге қол жеткізді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

23 жасқа дейінгі спортшылар арасында 55 келі салмақта өнер көрсеткен Ангелина Первухина қола жүлдеге ие болды. Жас спортшы – Қарағанды облысының Жоғары спорт шеберлігі мектебінің тәрбиеленушісі. Аталған



чемпионатқа жоғарғы дайындықпен барып, жүлдегерлер қатарынан көрінді. Әрине, бұл спорт-

шы үшін, облыс үшін де – үлкен жетістік.

Ал, 79 келі салмақта татамиге шыққан Асхаб Хаджиевтің қарсыластары осал болмады. Олай дейтініміз, қарағандылық балуанның салмағында Азияның үздіктері, Әлем біріншілігінің жеңімпаздары болған. Соған қарамастан дайындығының нәтижесінде қола жүлдеге қол жеткізді. Айта кетейік, Асхаб – Ә.Молдағұлова атындағы облыстық олимпиадалық резервтің мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушісі. Қарағанды спорты үшін бұл жетістік халықаралық аренадағы нәтиже ғана емес. Өңір спортының жүйелі дамуын аңғартады. Ел байрағын әлемдік аренадарда желбіреткен спортшыларды жүлдесімен құттықтаймыз!

Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Алан – абсолютті чемпион

Павлодарда үстел теннисінен республикалық VI Жастар спорт ойындары өтті. Аталған бәсекеде Қарағанды облысының командасы командалық есепте жүлделі ІІІ орынға ие болды. Одан бөлек, жерлесіміз Алан Құрманғалиев үш алтын және қола жүлде жеңіп алып, турнирдің абсолютті чемпионы атанды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, жерлесіміз жекелей, жұптық және аралас разрядта сыңға түсініп, үш бірдей алтын алған болатын. Турнир соңында жалпы командалық есепте Қарағанды құрамасы жүлделі ІІІ орын иеленіп, Аланның қоржынына тағы бір медаль, яғни, қола жүлде түскен. Осылайша, ол турнирдің абсолютті чемпионы атанды.

Команданың жеңісі тек жеке жетістік емес, облыстағы спорт мектебінің жүйелі жұмысының нәтижесі. Ал, Аланның жеңісі – ел спорты үшін зор үміт.



Сурет облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Үздіктер ішінде үздік

Шымкент қаласында «Samgau» республикалық қысқаметражды фильмдердің фестивалі өтті. Фестивальге еліміздің түпкір-түпкірінен 18 бен 35 жас арасындағы жас кинорежиссер қатысты. Арасында біздің де жерлесіміз болды. Ол – Асылжан Әділханұлы. 22 минут, 54 секундтық хронометражды «Пат» туындысын фестиваль көрермендеріне ұсынды.



Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

«Пат» қыскаметражды фильмінің негізгі идеясы – әке мен баланың таңдауы. Бала басқа мамандықты қалайды. Бірақ, әкесі ұлының кенші болғанын армандайды. Асылжан Әділханұлы облыстық Сәкен театрының видеографы болып қызмет атқарады. Осы фестивалде туындысы «Үздік қыскаметражды фильм» аталымының гран-приін алды.

Фестивальге жалпы саны 30 туынды түсіпті. Соның жиырмасы іріктеліп, ақтық сыңға өтті. Кинорежиссерлердің туындылары фестивальдің ұсынған тақырыптарына сәйкес болуы шарт

еді. Мәселен, «Шымкент – сүйікті қалам», «Мен және әлем», «Ұлттық құндылық – тәрбие негізі», «Жұмысшы мамандықтардың рөлі», «Экология», «Тіліміздің тағдыры – біздің қолымызда».

Үздіктерді анықтаған қазылар алқасының құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі продюсер Қанат Төребай, Канн фестивалінде «Үздік актриса» жүлдесін алған Самал Есаямова, «Айқа» фильмінің режиссері, Канн фестивалінің лауреаты Сергей Дворцевой, әйгілі «Қошқар мен теке» мультфильмімен танымал режиссер Батырхан Дәуренбеков болды.

Сурет Сәкен театрының баспасөз қызметінен

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Жарыс жолындағы жарқын жеңіс

Қарағанды облысының жеңіл атлетика құрамасы республикалық VI Жастар спорт ойындарында жарқын жеңіске жетіп, жалпыкомандалық есепте төртінші жыл қатарынан жеңімпаз атанды. Биыл жерлестер байрақты бәсекеден 12 алтын, бес күміс және тоғыз қола жүлде еншілеп, қарсыластарын шаң қаптырды.

Айта кетейік, аталған чемпионат Алматы облысында, Олимпиадалық дайындық орталығының стадионында өткен болатын. Оған еліміздің 15 өңірі мен үш ірі қаласынан 23 жасқа дейінгі 238 спортшы бақ сынады. Ал, облыс атынан 27 спортшы аттанған болатын.

– Жарыстың алғашқы күнінен бастап, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан облысы мен Шымкент және Алматы қаласы арасында бәсеке қызды. Негізі, турнир соңына дейін алматылықтар жалпыкомандалық есепте көш бастап тұрған. Алтын

медаль саны бойынша теңесіп, күміс жүлде бойынша төмен тұрғанбыз. Қыздар командасы бағдарламаның соңғы түрі, яғни, 4х400 метрлік эстафетада қарсыластарынан озып, командаға жеңіс алып келді, – деді жеңіл атлетикадан Қарағанды облысының аға жаттықтырушысы Андрей Агеев.

Сәйкесінше, жарыс қорытындысы бойынша ІІ орынға алматылықтар жайғасты. Ал, үздік үштікті Шығыс Қазақстан облысының командасы түйіндеді.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 ● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 4 729 №68 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕК
--